

8 Urazbaeva, A., Turgumbaeva, A. Ubezhdienie i motivacija studentov cherez izuchenie anglijskogo jazyka. [Enhancing Students' Motivation and Conviction Through English Language Learning]. Kokshetau: Vestnik Kokshetauskogo Universiteta im. Sh.Ualihanova. Serija filologicheskaja, 2024 <https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss1pp270-279>

9 Dzhusubalieva D.M. Razvitie inozazychnyh kompetencij v cifrovoj obrazovatel'noj srede vuza. Aktual'nye problemy obespechenija kachestva vysshego obrazovanija v uslovijah global'nyh izmenenij. Sbornik materialov Mezhdunarodnogo kruglogo stola, [Developing Foreign Language Competencies in the Digital Educational Environment of a University] Almaty: KazUMOimJa imeni Abylaj hana, 2024

10 Ahmetova D. R. Osobennosti obuchenija studentov inzhenernyh obrazovatel'nyh programm professional'nomu inozazychnomu obshheniju posredstvom massovyh otkrytyh onlajn kursov: dis. na soiskanie stepeni doktora filosofii (PhD). [Characteristics of Teaching Students of Engineering Educational Programs Professional Foreign Language Communication through Massive Open Online Courses] Karaganda, 2025

Received: 14.08.2025

MFTAP 16.01.07

DOI: [10.59102/kufil/2025/iss4pp331-343](https://doi.org/10.59102/kufil/2025/iss4pp331-343)

А.Ш. Тлеулесова¹, Б.З.Ахметова¹, М.Т. Абикенов¹, Б.С. Шукманова¹

¹С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана, 010000 Қазақстан

ТІЛ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗДЕМЕЛЕРІ

Аталған мақалада қазіргі қазақ тілінің теориялық негіздемелерін басшылыққа ала отырып, ана тіліміздің аясындағы тілдік құзыреттілікті қалыптастыру процесінде қазақ тілін оқытуда тілдің маңыздылығы жан-жақты талданады. Атап айтқанда, тілдің адамзат қоғамындағы пікір алмасу, талдау жасау және қарым-қатынас құралдары ретіндегі маңыздылығы айқындалып, оның кәсіби салада тиімді коммуникация құралы ретінде орны ерекше екендігі көрсетіледі. Тілдік қарым-қатынастың тек ақпарат алмасу құралы ғана емес, сонымен қатар тұлғалардың кәсіби біліктілігін арттырудағы негізгі фактор ретінде қарастырылуының маңыздылығы айтылады.

Заман талабына сай, теориялық тұрғыдан тілдік құзыреттілікті саралап, зерттеушілер дискурсивті оқыту жолдарынның ерекшеліктерін - тілдік құзыреттілікті дамытудағы қазақ тілін бағдарлай оқытудың әдістемелік негізі ретінде қарастырған. Бұл зерттеуде ең алдымен, білім алушылардың жеке қабілеттері арқылы көрініс табатын ерекшеліктерін тануға бағытталған оқыту тәсілдеріне назар аударылады. Дискурс ұғымы кәсіби салада институционалдық дискурс түрлерінің бірі ретінде талданады. Сонымен қатар, кәсіби тілдік құзыреттілікті қалыптастырудың тиімді жолдары мен әдістері жүйелі түрде зерделенеді. Дискурсивті оқытудың негізгі мақсаты ретінде білім алушының базалық құзыреттіліктерін одан әрі қарай жан-жақты дамыту міндеті алға қойылады. Осыған сәйкес, зерттелген теориялық материалдар негізінде дискурстың ақпараттық мазмұнын анықтау, оны терең түсіну және мәтіндік материалдармен жұмыс жасаудың кәсіби тәсілдері мен технологияларын меңгертуге бағытталған міндеттер қарастырылған. Бұл ретте дискурсивті оқытудың ерекшеліктері мен әдістемелік аспектілері -жеке талдау нысаны ретінде айқындалады.

Кілт сөздер: тілдік теория, ана тілі, тіл аясы, тілдік құзыреттілік, дамыту, дискурсивті талдау, мүмкіндік, анықтау, әдістеме, әртүрлі бағыттар, тіл заңдылықтары, саралау, сараптау, т.б.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінің басты мақсаты – жан-жақты дамыған, өз ойын еркін, сауатты жеткізе алатын тұлға қалыптастыру. Осы бағытта тіл құзіреттілігін қалыптастыру мәселесі ерекше маңызға ие. Әсіресе, көптілділік жағдайында білім алушының ана тілін ғана емес, екінші немесе үшінші тілдерді де меңгеруі олардың мәдени, әлеуметтік және зияткерлік әлеуетін арттырады. Бұл мақалада тіл құзіреттілігінің мәні, түрлері, қалыптастыру жолдары мен педагогикалық негіздері қарастырылады.

Тіл құзіреттілігі – адамның тіл арқылы тиімді және мақсатты түрде қарым-қатынас жасау қабілеті. Бұл ұғым тіл білімінің ғана емес, педагогика, психология, мәдениеттану, әлеуметтану салаларының зерттеу нысанына айналып отыр. Тіл құзіреттілігі үш негізгі компоненттен тұрады: тілдік (лингвистикалық), коммуникативтік және мәдени-әлеуметтік құзіреттіліктер.

Лингвистикалық құзіреттілік – грамматика, фонетика, лексика салаларын меңгеру арқылы тілдің құрылымын түсіну. Коммуникативтік құзіреттілік – белгілі бір жағдаятқа сай тілдік қарым-қатынас орната білу қабілеті. Мұнда диалог, монолог, ресми және бейресми стильдер, сөйлеу этикеті ескеріледі. Әлеуметтік-мәдени құзіреттілік – тілдік қарым-қатынасқа әсер ететін ұлттық, мәдени ерекшеліктерді білу және құрметтеу. Стратегиялық құзіреттілік – тілдік кедергілерді еңсеру үшін түрлі стратегияларды қолдану, мәселен, синоним пайдалану, ым-ишара арқылы ойды жеткізу. Бұл стратегиялық құзіреттілік әдістемесі негіздемелеріне басшылық бағыты нұсқасында келесі ғалымдардың еңбектері назарда болды. Айтсақ: әдіскер-ғалымдар А.Қ. Құсайынов [1], М.Ә.Қасымбеков [2], сондай-ақ шетелдік зерттеушілер В.Г. Крыско [3], И.Б. Новик [4] және т.б. әдіскер ғалымдардың ғылыми зерттеулері. Аталған еңбектер ғылыми мақаланың бағыттық негізі ретінде сараланды.

Тіл құзіреттілігін қалыптастырудың педагогикалық негіздері.Тілді үйретуде білім алушылардың жас ерекшеліктері, психологиялық қабілеттері, мотивациясы басты назарда болуы тиіс. Қазіргі әдістемелік тұрғыдан келесі ұстанымдар маңызды:

Коммуникативтік бағыттылық – тіл тек теориялық білім емес, өмірлік қарым-қатынас құралы ретінде үйретілуі қажет.

Интерактивті әдістерді қолдану – ойын, пікірталас, жағдаяттық тапсырмалар, рөлдік ойындар арқылы тілдік орта құру.

Жекелеген білім траекториясы – әр оқушының қабілеті мен тілдік деңгейіне қарай сараланған оқыту ұйымдастыру.

Мәдениетаралық компонентті енгізу – тілмен қатар, сол тіл тасымалдаушыларының мәдениетін де таныту арқылы толеранттылық пен дүниетанымды кеңейту.

Қалыптастыру кезеңдері,Тіл құзіреттілігін қалыптастыру біртіндеп жүзеге асады:

Бастапқы кезеңде – тілдік қор жинақталады, қарапайым сөйлеу үлгілері меңгеріледі.

Орта деңгейде – оқушы өз ойын еркін жеткізуге тырысады, сөйлеу мәдениетін игереді. Жетілген кезеңде – талдау, пікір айту, дәлелдеу, шығармашылық тұрғыдан сөйлеу қабілеті дамиды.

Тіл құзіреттілігін бағалау келесі өлшемдерге сүйенеді:

- Фонетикалық, лексикалық, грамматикалық сауаттылық.
- Өз ойын анық, жүйелі, логикалық түрде жеткізу.
- Түрлі коммуникативтік жағдайларда тіл нормаларын сақтай білу.
- Сөйлеу этикасы мен мәдениетін меңгеру.

Тіл құзіреттілігін қалыптастыру – тұлғаның рухани және интеллектуалдық дамуына тікелей әсер ететін күрделі, кешенді процесс. Бұл құзіреттілікті дамытудың негізі – дұрыс әдіс, сапалы оқу материалы, оқушы белсенділігі мен мұғалім шеберлігі. Болашақ ұрпақтың тілдік сауаттылығы мен мәдени деңгейін арттыру үшін тіл құзіреттілігін қалыптастыруға бағытталған оқыту технологияларын жүйелі түрде енгізу қажет.

Қазіргі қазақ тілі аясындағы кәсіби қазақ тілін оқытудың әдіс-тәсілдерін жүйелі түрде айқындау және білім беру мазмұны мен көлемін дәл белгілеу педагогикалық қағидаттарға негізделген жағдайда ғана сапалы түрде жүзеге асырылуы мүмкін. Осыған байланысты, кәсіби тілдік құзыреттілікті қалыптастыруда пәнаралық байланыстар негізге алына отырып, оқытудың басты әдістемесі ретінде баяндау немесе бақылауға емес, дидактиканың іргелі заңдылықтарын қолдануға басымдық беріледі. Бұл тәсіл білім алушылардың іскерлік дағдыларын қалыптастыруға, олардың практикалық дағдыларын жүйелеуге және оқыту үдерісінің тиімділігін арттыруға мүмкіндіктер туғызады.

Сонымен қатар, кәсіби қазақ тілін оқытуда коммуникативтік, әрекеттік және құзыреттілікке негізделген тәсілдер кеңінен қолданыс табуы тиіс. Аталған әдістер арқылы студенттер нақты кәсіби жағдайларда қазақ тілін еркін қолдана алуға үйренеді. Мысалы, рөлдік ойындар, пікірталас сабақтары, кейс-стади әдісі, жобалық тапсырмалар – болашақ мамандардың тілдік қатынас аясын кеңейтіп, кәсіби бағыттағы сөйлеу мәдениетін дамытады.

Бұдан бөлек, цифрлық технологияларды қолдану – кәсіби тілдік құзыреттілікті қалыптастырудағы маңызды құралдардың бірі болып табылады. Онлайн платформалар, мультимедиялық ресурстар, интерактивті тапсырмалар білім алушылардың тіл үйренуге деген мотивациясын арттырып, оқытудың икемділігі мен тиімділігін қамтамасыз етеді. Осылайша, кәсіби қазақ тілін оқытуда заманауи әдістемелік амалдарды жүйелі қолдану арқылы оқу үдерісінің сапасын арттыруға, білім алушылардың кәсіби бағдардағы тілдік құзыреттілігін қалыптастыруға мол мүмкіндік жасалады.

КІРІСПЕ

Қазіргі қазақ тілі теориясының негізгі даму бағыттарының бірі ретінде дискурсивті оқытудың теориялық алғышарттары – пәнаралық байланыс түрінде оқыту және оның әдістемелік негіз ретінде қолдану барысындағы ғылыми зерттеу әдістері мен тәсілдері басшылыққа алынады. Қазіргі уақыт талаптарына сай, қазақ тілін пәнаралық байланыс арасында оқыту арқылы білім алушылардың дүниетанымын кеңейту өзекті ғылыми-практикалық міндеттердің бірі болып табылады. Сонымен бірге, бұл үдерістің танымдық маңыздылығын ескере отырып, аталған ерекшеліктер тек қазақ тілі пәнімен шектелмейтіндіктен, педагогикалық еңбектер жүйесінде кешенді түрде жүзеге асыру қажеттілігі туындайды. Осы мақсатты орындау барысында педагогикалық және психологиялық ғылыми әдіснамалар көмегіне сүйенеміз. Аталған әдістемелердің қазақ тілін теориялық негізде де дамуына, өркендеуіне ерекше жол ашатындығы дәлелденуде. Басты себеп, қазақ тілінің теориясы мен оны оқыту жолдарын ұштастыруда болып отыр. Мұндай ерекшелік тіл дамуының негізгі жолдарын айқындайтындығы да ақиқат.

Қазіргі қазақ тілі теориялық негізде қарыштап алға басуына дискурсивті оқытудың негізінде білім алушының кәсіби тілдік құзыреттілігін дамытуға бағытталған қазақ тілін бағдарлай оқытудағы пәндер арасындағы сабақтастықтың теориялық және әдістемелік негіздерін зерттеу өзекті мәселе болып табылады. Бұл бағытта қолданылатын технологияларды жүйелеп, олардың тиімділігін анықтау және оларды оқу процесіне енгізу міндеті алға қойылады.

Қазақ тілінің замана ағымына сай теориялық әлеуетін арттыру мақсатында жоғары білікті мамандарды даярлау – қазақ тілін пәнаралық байланыс негізінде оқытудың педагогикалық және психологиялық әдістері көп деңгейлі күрделі жүйені құрайды. Бұл жүйе элементтері арасында өзара байланыс пен бағыныштылық байқалады. Атап айтқанда, философиялық деңгей кез келген әдіснамалық білімнің мазмұндық негізі ретінде қарастырылып, жүйенің іргелі құрамдас бөлігі болып табылады. Қазіргі қазақ тілі бойынша теориялық ережелерді басшылыққа ала отырып, дискурсивті оқытудың теориялық алғышарттары және оның ғылыми зерттеу әдістері мен тәсілдері – пәнаралық байланыс түрінде оқытудың әдістемелік негізі ретінде пайдаланылады. Қазіргі заман талабына сай қазақ тілін пәнаралық байланыста оқыту арқылы оқушылардың дүниетанымын кеңейту

қазіргі ғылыми-тәжірибелік міндеттердің бірі болып табылады. Сонымен қатар, бұл үдеріс тек қазақ тілімен шектелмегендіктен, оны педагогикалық еңбектер жүйесіне жан-жақты енгізу қажеттілігі туындады. Бұл мақсатқа жету барысында біз педагогикалық және психологиялық ғылыми әдістемелердің көмегіне сүйенеміз. Дискурсивті оқыту негізінде білім алушының кәсіби тілдік құзыреттілігін дамытуға бағытталған қазақ тілін мақсатты түрде оқытуда пәндер арасындағы сабақтастықтың теориялық және әдістемелік негіздерін зерттеу өзекті мәселе болып табылады. Бұл бағытта қолданылатын технологияларды жүйелеп, тиімділігін анықтап, оқу үрдісіне енгізу міндеті тұр. Жоғары білікті мамандар даярлау процесінде қазақ тілін пәнаралық байланыс негізінде оқытудың педагогикалық-психологиялық әдістемесі көп деңгейлі кешенді жүйені құрайды. Бұл жүйенің элементтері арасында өзара байланыс пен бағыныштылық бар. Атап айтқанда, тілдік құзыреттілікті анықтаудағы философиялық деңгей кез келген әдістемелік білімнің мазмұндық негізі ретінде қарастырылады және жүйенің іргелі құрамдас бөлігі болып табылады.

Қазақ тілін оқыту үдерісі бүгінгі таңда еліміздің білім беру жүйесінде ерекше маңызға ие болып отыр. Әсіресе мектеп оқушылары мен жоғары оқу орны студенттері арасында тіл құзыреттілігін қалыптастыру – мемлекеттік тілдің қоғамдық өмірдің барлық саласында толыққанды қызмет етуіне ықпал ететін маңызды алғы шарттардың бірі. Бұл ретте тіл құзыреттілігі оқушының немесе студенттің қазақ тілін коммуникативтік мақсатта меңгеруімен қатар, оны мәдени, әлеуметтік және танымдық контексте тиімді қолдана алу қабілетін де қамтиды. Мектептегі қазақ тілін оқытуда оқушының жас ерекшелігіне, тілдік ортасына және танымдық қабілеттеріне сәйкес тілдік құзыреттілікті қалыптастырудың әдістемелік негіздері айқындалуы тиіс. Ал жоғары білім деңгейінде, әсіресе қазақ тілі екінші тіл ретінде оқытылатын аудиторияда, тіл құзыреттілігін дамыту үдерісі тілдік және мәдениаралық коммуникация дағдыларымен ұштасып, кәсіби бағытта тереңдетіледі. Бұл жағдайда студенттің функционалдық сауаттылығы, академиялық тілді меңгеруі және кәсіби салада қазақ тілін еркін қолдана алуы басты назарға алынады. Тіл құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері тіл білімінің, педагогика мен психолінгвистиканың түйіскен тұсында қарастырылады. Бұл үдерістің тиімді жүзеге асуы – оқу мазмұны мен әдістемесінің жаңғыруына, тіл үйретудегі инновациялық тәсілдердің енгізілуіне және білім алушылардың коммуникативтік мүмкіндіктерінің артуына ықпал етеді. Осы зерттеуде мектептегі және жоғары білім жүйесіндегі қазақ тілі оқыту үдерісінде тіл құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздері мен әдіснамалық ұстанымдары сараланып, оларды тиімді іске асыру жолдары талданады.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Қазіргі қазақ тілін дискурсивті оқыту негізінде білім алушының кәсіби лингвистикалық құзыреттілігін қалыптастыру қазақ тілін оқытудағы пәндер арасындағы сабақтастықты зерттеумен тығыз байланысты және бұл ғылым жаңа эмпирикалық деректермен толықтырылғанда ғана жүйелі түрде дами алады. Сонымен қатар, бұл процесті тиімді жүзеге асыру үшін пәнаралық интеграцияға негізделген зерттеу кезеңдері негізінде ғылыми бағытталған оқыту әдістерін қолдану қажет. Пәнаралық байланысқа негізделген ұжымдық оқыту технологиялары оқушылардың ауызекі сөйлеу дағдыларын жетілдіріп, тілдік қабілеттерін дамытуда алатын орны ерекше болып танылатындығы даусыз мәселе ретінде танылады. Демек, дискурсивті негізде оқытудың қай кезеңінде болмасын белгілі орындарда, атап айтсақ, білім ордаларында білім алып жатқан оқушының кез келген ортада немесе арнайы оқу нысандарында сөйлеу тілінің аясы кеңейіп, лексикалық сөздік қоры едәуір байып, еркін коммуникативті қабілеттері дамиды. Ал, зерттеу әдістеріне келетін болсақ, онда жаңа технологиялық әдістемелерді басшылыққа ала отырып, ұстаздық жеке тәжірибе барысындағы арнайы бағдарламаларға негізделген оқыту процесінде белгілі бір оқу-үйрету мақсатына жету үшін оқушылардың диалогтік қарым-қатынас тілі белсенді түрде қолданылады. Зерттеу нәтижелері турасында қарастырсақ, онда диалогтік қарым-қатынас

түрлері өз кезегінде ұжымдық оқыту әдісінің тиімділігі мен маңыздылығын айқын көрсететіндігіне көз жеткізе аламыз. Дискурсивті оқытудың тиімділігін анықтау үшін маңызды дереккөз ретінде «Қазақстан Республикасындағы оқытуды дамытудың 2011-2030 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаларын» атап өтуге болады.

Осы орайда келесі ұсыныс түрлері туындайды. Атап айтсақ; бұл әдістеме – әдіскер-ғалымдар А.Қ. Құсайынов [1], М.Ә.Қасымбеков [2], сондай-ақ шетелдік зерттеушілер В.Г. Крыско [3], И.Б. Новик [4] және т.б. еңбектерін бағыттық негіз ретінде ұстанған әр саланы зерттеуге арнаған ғалымдар еңбектеріне орай жүзеге асырылады.

Кәсіби қазақ тілін оқытуда тілдік құзіреттілікті дамытудың 1-ұжымдық оқыту технологиясының тиімділігі топтық және жұптық жұмыстың келесі кезеңдерінен көрінеді:

Бірінші кезеңде әр оқушы тапсырманы өз бетінше орындайды; екінші кезеңде өзара пікір алмасып, мазмұнын бір-біріне жеткізеді; үшінші кезеңде бірлескен талқылау арқылы түсіндіреді, бір-бірінің жұмысын тексереді, түзетулер енгізеді, ортақ шешімге келеді; ал төртінші кезеңде барлық топ мүшелері бірлесіп жалпы талдау жасап, қорытынды жасайды. Дискурсивті оқыту әдістерінің осы тиімділігіне сүйене отырып, ғылымның кез келген саласының екі негізгі аспектісі бар екенін атап өтеміз: біріншіден, білім алушының танымдық деңгейін арттыру; екіншіден, алған білім, білік, дағдыны іс жүзінде қолдану. Сонымен қатар, пәнаралық қатынастың да өз орны бар. Қазіргі қазақ тілін дискурсивті оқыту процесінде пәндер арасындағы өзара байланыс білім мазмұнының сапасын арттыру және оны тиімді қабылдау үшін ғылыми негіз бола алады. Дискурсивті оқыту әдістерін ұтымды пайдалану оқу үдерісінің тиімділігін арттырудың және оқушының дүниетанымын кеңейтудің маңызды құрамдас бөлігі болып саналады. Осыған байланысты дискурсивті оқытуда объективті шындықты танудың диалектикалық әдісі эмпирикалық қабылдаудан абстрактілі теориялық ойлауға және одан әрі нақты практикалық әрекетке көшу ретінде сипатталады. Сонымен қатар, тәжірибе шындықтың негізгі өлшемі ретінде танылады, ал білім практикалық әрекеттің негізін құрайтын объективті көрсеткіш болып табылады. Дискурсивті оқыту әдістеріне негізделген әдістеме, ең алдымен, ғылыми-танымдық іс-әрекеттің принциптері, формалары мен әдістері туралы ғылым ретінде қарастырылады. Ғылым әдістемесі зерттеу компоненттерінің мынадай негізгі сипаттамаларын береді: пәнаралық интеграция аясында қазақ тілін оқытудың объектісі, талдау пәні, зерттеудің міндеттері мен басқа аспектілері. Осы тұрғыдан алғанда, оны педагогика және психология салаларындағы теориялық концепциялардың жиынтығы ретінде құрылымдауға мүмкіндік береді.

Осы әдістемеге сүйене отырып, қазіргі қазақ тілін дамыту мақсатында шетелдік ғалымдар пікірлерін негізге алсақ, онда педагогикалық білім мен шындықты түрлендіру саласындағы дискурсивті оқыту әдістерін зерттеген шетелдік ғалым Н.В.Савин «Педагогикалық әдістемелік білім құрылымында төрт деңгейдің ажыратылатынын нақты көрсетеді» деп аталып жүр [5]. Осы аталған негіздемелерге зер салсақ, онда олар: «философиялық», «жалпы ғылыми», «технологиялық» деңгейлер тұрғысында танылады. Осыған байланысты дискурсивті оқытудың негіздеріне сүйене отырып, оны келесі деңгейлерге бөлуге болады. Бірінші деңгейге философиялық әдіснаманың категориялық жүйесі және танымның жалпы заңдылықтары мен принциптері кіреді.

Екінші деңгей – кәсіби тілдік құзіреттілікті қалыптастыру негізінде оқытылатын барлық немесе көптеген пәндерде қолданылатын теориялық ұғымдардың жиынтығы болып табылатын жалпы ғылыми әдістеме. Қазақ тілін пәнаралық байланыс негізінде оқыту мақсатында педагогикалық әдіс-тәсілдердің кең ауқымы қарастырылып, оның барлығы да оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, жан-жақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Үшінші деңгей – белгілі бір ғылыми пән шеңберінде қолданылатын зерттеу әдістері мен принциптерінің жүйесі болып табылатын нақты ғылыми әдістеме. Әдістemenің бұл деңгейі қазақ тілін тереңдетіп оқытуға арналған мамандықтар бойынша студенттердің атқаратын әр түрлі жұмыс түрлерін қарастырады.

Төртінші деңгей – технологиялық әдістеме, нақты практикалық материалды бағыты болады, оның ішінде ғылыми-зерттеу және оқыту әдістері мен әдістерін тиімді және дұрыс

таңдауды қамтамасыз ететін әдістер жиынтығын енгіземіз. Бұл кезеңді қорытындылай келе, оны «бақылау» немесе «тексеру» деңгейі деп атауға болады, өйткені ол алынған нәтижелердің дәлдігі мен сапасын бағалауға бағытталған. Іс-әрекеттің заңдылықтары мен оның табиғатын, іс-әрекет теориясын негізге алған әдіскер ғалымдар әрбір жаңа ұрпақ адамның оқу мәдениетінің жетістіктерін меңгеру үшін іс-әрекетті жүзеге асыруы керек деп, есептеді. Демек, біздің студенттер «өз бетінше өмірге, жан-жақты іс-әрекетке дайындау мақсатында оларды өз мүмкіндіктеріне сәйкес іс-әрекеттің осы түрлеріне тарта отырып, қоғамдық-гуманистік маңызы бар іс-әрекетке ұйымдастырылады» [6, 45], – деп көрсете аламыз. Осы орайда, нақты дәлелдемелік негізде белгілі әдіскер әрі ғалым Қ.Бітібаеваның пікірін талдасақ, еліміздегі мектеп қабырғасында жүрген кез келген оқушы белгілі бір әлеуметтік-мәдени ортада да білім алады, белгілі бір этнос өкілі ретінде танылады. Осыған байланысты еліміздегі білім ордасындағы қалыптасқан «мәдениеттану принципі» этнопедагогикалық принциппен алмастырылады.

Зерттеуші айтқандай, «Language reflects all the changes taking place in society, including professional fields» [7, 143]. (Тіл қоғамда орын алатын барлық өзгерістердің, оның ішінде кәсіби ортада болатын, көрінісі бола алады – аударма авторлардікі). Бұл жағдайда ұлттық пен даралықтың бірлігі жүзеге асады. Аталған қағидаттық ерекшеліктермен санаса отырып, ғалым А.Құсайынов білім беру жүйесіндегі педагогикалық-психологиялық әдістердің түрлерін талдай келе, қазақ тілінде кәсіби тілдік құзыреттілікті қалыптастыру, білім алушылардың дүниетанымын кеңейту мақсатында (арнайы мамандықтар бағытына даярлау бойынша) педагогикалық әдістеменің келесі түрлерін қарастырған. Ғалымның ұстанған заңдылығында - ең заманауи әдіс-тәсілдер болу қажеттігіне назар аударылады. Сонымен а) қазақ тілін бастапқы бастауыш тіл негізінде оқыту әдістемесі ретінде тану; ә) қазақ тілін басқа тілдермен салыстырмалы түрде белсенді тіл негізінде оқытудың педагогикалық эксперимент әдісі; б) қазақ тілін оқу мен жазуға қабілетті тіл негізі ретінде оқытудың педагогикалық сауалнама әдісі; в) қазақ тілін жоғары деңгейдегі көшбасшы тіл ретінде оқытудың педагогикалық-социологиялық әдістері танылады деп тұжырымдаған [1].

Ғалымның еңбектерінде «Тіл сауаттылығы» деген термин сөздер жиі қолданылған. Соған нақты түсініктеме бере кетсек, онда: Жалпы алғанда «Тіл сауаттылығы» деген термин сөз қазақ тілін оқыту мәселесінде 19-ғасырдан бастап қалыптаса бастаған. Бұл турасында ғалым Е. Арын еңбектерінде екі түрлі түсініктеме беріледі: «Тіл сауаттылығының 1-мағынасы: Бастапқы оқу және жазу қабілеттілігі Негізгі мағынасында термин «Тіл сауаттылығы» әлеуметтік мәселе ретінде қарастырыла бастаған 19 ғасырдан бері қолданылады. 2- мағынасы бойынша термин кейде сауаттылықтың басқа түрлеріне де жатқызылады. Мысалы, қоғамдағы саяси ,т.б. сауаттылықтар», – деп түйіндейді [8,67].

Қазіргі қазақ тілін дамыту мақсатындағы дискурсивті негізде оқыту тәжірибесін зерттеу педагогикалық әдістердің дәстүрлі түрлерінің бірі болып табылады. Бұл тәсіл қазақ тілін пәнаралық байланыс негізінде оқытуда қолданылатын әдістемелік тәжірибелердің тиімділігін талдауға және олардың нәтижелерін жүйелі түрде тіркеуге негізделген. Сонымен қатар, дискурсивті оқыту әдістерінің тағы бір маңызды артықшылығы – ұжымдық оқыту технологиясының басымдылығы. Бұл біім алушы оқушылардың коммуникативті құзыреттілігін арттыруға, сонымен бірге олардың бірлесіп жұмыс істеу қабілетін арттыруға мүмкіндік береді. Кәсіби тілдік құзіреттілікті қалыптастыруға негізделген шығармашылық жұмыстарды жүргізуде ұжымдық оқытудың келесі жұптық тәсілі ерекше маңызға ие болады [6]. Аталған негіздерді басшылыққа ала отырып, төмендегі кестеге назар аударсақ, бірқатар нәтижелерге қол жеткізуге болатынын көреміз (1-кесте).

1-кесте – Дискурсивтілікке негізделген ұжымдық оқытудың жұптық тәсілі

1.Тұрақты жұп

Екі оқушы өз қалауы бойынша жұптасады. Мұғалім оқушының, ал оқушы мұғалімнің қызметін атқарады. Екі алғыр оқушы немесе бір

2.Өзгеріп, ауысып отыратын жұп	жақсы оқушы жұпталады. Бір тапсырманы төрт бөлікке бөліп, 4 оқушы орындайды. Әр оқушы қалған үш оқушыға өз жұмысын түсіндіреді. Содан кейін жұмысын үш рет қайталайды. Әр адамның жеке қалауы мен білімі ескерілетіндіктен, түсіндіру үш түрлі деңгейде жүргізілуі мүмкін. Топтағы әрбір оқушының жеке тапсырмасы бар. Тапсырманы орындап болған соң мұғаліммен жеке жұмыс жасайды, бір оқушы қалған үшеуіне түсіндіреді, ал қалған 1 оқушы кезекпен оқытуды қайталау әрекетін жүзеге асырады.
3.Вариациялық жұп (ерекше жұп)	

Ұжымдық оқыту кезінде білім алушыларға толық еркіндік беріледі.

НӘТИЖЕЛЕР

Қазіргі қазақ тілін дамыту мақсатында аталған оқыту әдістерінің ерекшелігі – білім алушыларға өздігінен білім алуға және бір-бірін өзара дамыта оқытуға мүмкіндік беру. Осы орайда келесі ұсыныстар қатары қажеттігі туындайды:

оқу процесінің қай кезеңінде болмасын оқушының кәсіби тілді меңгеруі, өз ойын еркін жеткізу дағдысы жүйелі түрде қалыптастыру;

жұмыстың әр кезеңінде сөйлеу тілін белсенді түрде қолдану мақсатқа жетудің маңызды құралына айналдыру;

осының бәрі ұжымдық оқыту әдісінде тілдің ерекше маңызды рөл атқаратынын анық және сөзсіз дәлелдейді;

сонымен қатар, мұндай әдістер оқушының коммуникативтік құзыреттілігін арттырып, кәсіби салада еркін және сенімді тілдік қарым-қатынас орната алуына жағдай жасайды;

әдістемелік тұрғыдан қарағанда, тіл үйрету барысында топтық жұмыстар мен жобалық тапсырмалар арқылы белсенді тілдік орта қалыптастыруға жол ашады;

тілдік ортада оқушы өзін тұлға ретінде сезініп, тілдің практикалық маңызын жете түсінеді және оны күнделікті өмірде қолдануға ұмтылады. Тіл құзыреттілігін қалыптастыру – тіл үйрету үдерісіндегі негізгі мақсаттардың бірі ретінде қарастырылады. Бұл ұғым тілдік білімнің шеңберінен шығып, коммуникативтік, танымдық, әлеуметтік және мәдени аспектілерді біріктіретін кешенді құбылыс болып табылады. Зерттеу нәтижесінде мектептегі және жоғары оқу орындарындағы қазақ тілін оқыту тәжірибесінде тіл құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал ететін бірқатар теориялық және әдістемелік негіздер анықталды.

Біріншіден, тіл құзыреттілігін қалыптастыру оқушы мен студенттің жас ерекшеліктеріне, тілдік ортасына және әлеуметтік тәжірибесіне сәйкес жүргізілуі тиіс. Бұл – тұлғалық бағытталған, сараланған және деңгейлік оқыту тәсілдерін қажет етеді.

Екіншіден, қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытуда тілдік орта мен мотивация ерекше рөл атқарады. Коммуникативтік бағыттағы тапсырмалар, жобалық жұмыстар мен тілдік жағдаяттар арқылы білім алушының тілдік белсенділігін арттыру – құзыреттілікті дамытудың тиімді жолы екені дәлелденді.

Үшіншіден, тіл құзыреттілігі тек сөйлеу, жазу, тыңдау және оқу дағдыларын дамыту ғана емес, сонымен бірге функционалдық сауаттылықты, сыни ойлауды және тілдік құралдарды түрлі жағдайларда дұрыс қолдану қабілетін де қамтиды.

Сонымен, тіл құзыреттілігін қалыптастыру – білім беру мазмұнының жаңғыруы мен оқыту әдістемесінің заманауи талаптарға бейімделуін қажет ететін күрделі әрі көпқырлы үдеріс. Бұл үдерісті тиімді ұйымдастыру арқылы оқушы мен студентті тілдік жағынан ғана емес, коммуникативтік, әлеуметтік және мәдени тұрғыдан да жетілген тұлға ретінде қалыптастыруға болады.

ТАЛҚЫЛАУ

Қазақ тілін пәнаралық байланыс негізінде оқыту әдістемесінде оқушылардың дүниетанымын қалыптастыруда ерекше орын алатын әдістердің бірі – «педагогикалық эксперимент» әдісі. Салыстырмалы негізде қарастырсақ, онда ғалым М.Қасымбекованың пікірінше, педагогикалық эксперимент – нақты жағдайларда оқыту процесін ғылыми түрде қайта құруға негізделген эксперимент болып танылады. Бұл әдіс - педагогикада және басқа пәндерде шығармашылықпен қолданылады және оқу процесіне жаңа әдістерді, тәсілдерді, жұмыс түрлерін немесе жүйені енгізуге бағытталған. Эксперимент зерттеу әдісі ретінде бұрын ұсынылған теориялық тұжырымдар мен болжамдарды тексеру және негіздеу мақсатында мұғалімдер мен студенттердің педагогикалық іс-әрекетін арнайы ұйымдастыруды көздейді. Егер бұрын жоспарланған ғылыми тұжырымдар мен болжамдар тәжірибеде расталса, зерттеуші оларды теориялық түрде жалпылайды және қорытынды жасайды. Эксперимент мақсатына қарай: «анықтаушы, шығармашылық – өзгертуші тексеру эксперименті – алдыңғы оқу үрдісін сақтай отырып жүргізілетін эксперимент түрі, ал зертханалық эксперимент жасанды жағдайды тексеру үшін жүргізіледі» [2, 65].

Шетелдік ғалымдар В.Г. Крыско [3], И.Б. Новик [4] дискурсивтік негізде кәсіби тілді оқытуда пәнаралық байланыстың үш негізгі түрін бөліп көрсетті. Олар: мазмұндық-ақпараттық; операциялық-әрекеттік; ұйымдастыру-әдістемелік болып, жеке-жеке сараланған.

Сонымен, қол жеткізген нәтижелерге назар аударсақ: біріншіден, оқыту барысындағы ерекше қарым-қатынастың бастапқы түрі: ғылыми таным тұрғысынан фактілік, концептуалды, теориялық, т.б. болып сараланса, сана туралы білім тұрғысынан философиялық, тарихи-ғылыми, яғни семиотикалық, логикалық, құндылыққа бағытталған болып танылады. Ал, арнайы білім тұрғысынан идеологиялық, яғни диалектикалық-материалистік, этикалық, құқықтық негізге бөлінген. Қарым-қатынастың екінші түрі пәнаралық байланыстың келесі түрлерімен сипатталады: студенттерде сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік беретін теориялық білімді қолданудың практикалық әдістері тұрғысынан «практикалық»; оқушылардың өз бетінше білімін, ұйымдастырушылық-танымдық, шығармашылық, белсенді дағдыларын, шығармашылық-эстетикалық дағдыларын қалыптастыруға қажетті іс-әрекеттің құндылық-бағдарлы әдістері тұрғысынан «құндылыққа бағытталған».

Үшінші түрі келесі бағыттарды ажыратады: меңгеру тәсіліне қарай репродуктивтік, ізденімпаздық, шығармашылық, білім түріне қарай; орындалу уақытына қарай курсаралық, цикларалық; іске асыру уақытына байланысты перспективалық, ілеспе және үздіксіздік ретінде танылады.

Қазіргі білім беру жүйесінде интеграция ғылымдарды біріктіреді. Оның негізінде кіріктірілген курстар (пәндер) пайда болуда, білім беру мазмұнындағы оқу процесінің үздіксіз сабақтастығы артады. Мәселен: «Ол біртұтас әлемдік білім беру жүйесіне жол ашады, ғылым мен өндірістің интеграциясына, ғылым жетістіктерін өндіріске енгізуге жол ашады, яғни интеграциялық үдеріс пәнаралық байланыстарды тудырады және жүзеге асыруды талап етеді» [9, 64]. Кәсіби тілдік құзіреттілікті қалыптастыруда орта буын оқушыларын оқыту біржақты (бір пәнмен байланыс) және көпжақты (екі немесе одан да көп болуы мүмкін) ерекше пәнаралық байланыс болып табылады [10].

Жеке тұлғаның әлеуметтенуіне барлық субъектілер жүйесі қатысады. Жалпы айтқанда, "The interaction of a human with the outside world, its knowledge takes place at different levels, including everyday life. The results of this knowledge are laid down in his/her everyday consciousness» (Тұлғаның қоршаған ортамен өзара қарым-қатынасы, оны тануы әртүрлі деңгейде өтеді, сонымен қатар күнделікті өмірде де. Осы танудың нәтижесі тұлғаның күнделікті санасында қалыптасады – аударма авторлардікі) [11, 3].

Әрбір пән өзінің пәндік міндеттерін шеше отырып, ортақ мақсатқа үлес қосады, мектеп бітірушінің толық үлгісін жасайды [12]. Барлық пәндерде педагогикалық қарым-қатынас

жан-жақты дамып, ғылыми-теориялық тұрғыдан терең қарастырылады. Әдістемелік еңбектерде көрсетілгендей: «Жалпы кәсіби тілдік құзыреттілікті қалыптастыруға негізделген қазақ тілін бағдарлы оқыту әдістемесінің педагогикалық-психологиялық негізі қоршаған шындық құбылыстары мен процестерінің жалпы байланысы мен өзара байланысын көрсететін жүйелілік принципімен сипатталады» [13, 24]. Ол тәрбиеші мен оқушының өзіндік құрылымы мен әрекет ету заңдылықтары бар өмір құбылыстарына белгілі бір жүйелі түрде қарау қажеттілігіне бағытталған. Жүйелі тәсіл педагогикалық теорияны, эксперимент пен тәжірибені бірлік принципі бойынша жүзеге асыруды талап етеді [14].

Мәтіннен тыс ақпараттың мазмұны оқушылардың шығармашылық белсенділігін ынталандыруға ықпал етеді. Мұндай мәліметтер оқушыға ғылыми тұжырымдарды жеткізуге, қызығушылығын арттыруға, бір сөзбен айтқанда пәнді ынталандыруға көмектеседі [15, 45].

«Бірінші кезеңде әрбір білім алушы тапсырманы жеке орындайды; екінші кезеңде бір-біріне түсіндіреді; үшінші кезеңде бірігіп, бір-бірінің жұмыстарына түсініктеме береді, түзетеді, ортақ қорытындыға келеді; төртінші кезеңде оны тұтас ұжым болып талқылап, қорытынды жасайды» [15, 64], – деп көрсетеді.

Кәсіби тілдік құзыреттілікті арттыруда, жаңа оқыту технологиясы негізінде пәнаралық баланыс түрлерін қолдану қайталау сабақтары мен сыныптан тыс жұмыстарда оң нәтиже көрсетті. Қазақ тілі сабағында пәнаралық байланыста мәтінді талдау арқылы оқушылардың жазылым, тыңдалым, оқылым, айтылым сияқты коммуникативтік іс-әрекет түрлерін жүзеге асырады. Жүргізілген сабақ барысын қорытындылай келе, дискурсивті оқытудың ерекшеліктерін талдау арқылы кәсіби тілдік құзыреттілікті қалыптастыруда жаңа технологияларды қолдану оқу үрдісіне оң өзгерістер әкелді деп қорытынды жасауға болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе, қазіргі қазақ тілін дамыту мақсатында дискурсивті оқытудың тиімді жақтарына назар аударсақ, білім алуға ұмтылған әрбір жеке тұлға өзінің қоғамдық өмірінде ұйымдармен, ғылыммен, техникамен, өнермен, әдебиетпен белгілі бір байланыста болады. Мысалы, оқушының ішкі талпыныстарын ескеру қажет, мысалы, оқуға қызығушылық танытуға, білімге құмарлыққа, оқып ізденудегі іс-әрекетке байланыстыруға және оқушының қабілеттілігін арттыруға бағытталады. Сондықтан жеке тұлғаны білімге деген құштарлығын әлеуеттендіру – бүгінгі күннің басты талабы. Тек, оқытуға дағдыландыру ғана емес, айналадағы адамдар өміріне бейімдеу мақсатында және соған орай күтпеген тосын кейбір жағдаяттардың туындауына қатысты әрі қоршаған орта жағдайына сәйкес, жеке тұлғаның өмірге бейімделуіне және жетілдірілуіне әкелетін міндеттерді ұйымдастыру оқу-тәрбие процесінің негізгі құзыреттерінің бірі болып табылады. Сондықтан, нақты тоқталсақ, онда дискурс – ауызша болатын сөйлеу процесі. Белгілі бір ақпарат бейнелі тіл арқылы да беріледі. Кәсіби лингвистикалық құзыреттілікті жетілдіруге негізделген бағдарлы оқыту әдістеріне сүйене отырып, дискурсивті оқытудың мүмкіндіктерін пайдаланудың тиімділігін арттыруға болады. Осы аталған жаңаяттарды саралап, ғылыми негізде зерттеу барысында кәсіби тілдік құзыреттілікті қалыптастырудағы арнайы дайындық - оқушының қызығушылығын, мүмкіндіктерін, бейімділігін, мақсатын, шығармашылық қабілеттерін, яғни дискурсивті оқытудың ерекшеліктерін дамытуға ықпал ететіндігі анықталды. Қазіргі білім беру кеңістігінде тіл құзыреттілігі ұғымы білім алушының коммуникативтік, танымдық, мәдени және әлеуметтік қабілеттерімен тығыз байланысты кешенді құбылыс ретінде қарастырылады. Бұл құзыреттілік тілдік білім мен білікке ғана емес, сондай-ақ білім алушының шынайы өмірлік жағдаяттарда тілді тиімді, мақсатты түрде қолдана алу қабілетіне негізделеді. Қазақстандағы білім беру реформалары аясында қазақ тілін оқыту сапасын арттыру, тілдік білімнің өмірлік қажеттіліктермен байланысын күшейту қажеттілігі өзектіленіп отыр. Осы тұрғыда тіл құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми негіздемелері – теориялық-әдіснамалық және практикалық аспектілерді кешенді түрде қамтитын маңызды бағыт болып табылады.

Тіл құзыреттілігін қалыптастыру – білім беру жүйесіндегі стратегиялық мақсаттардың бірі. Ол білім алушының функционалдық сауаттылығын арттырып қана қоймай, оның кәсіби және әлеуметтік өмірде белсенді әрекет етуіне мүмкіндік береді. Бұл үдеріс тиімді теориялық-әдіснамалық негіздерге сүйеніп, заманауи педагогикалық технологиялармен ұштастырылған жағдайда ғана нақты нәтижелер береді. Қазақ тілін мектепте және жоғары оқу орындарында тиімді меңгерудің басты шарты – тіл құзыреттілігіне бағытталған, оқушы мен студенттің тұлғалық дамуын алдыңғы қатарға қоятын оқыту жүйесін қалыптастыру.

ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Мақала 2023-2025 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру шеңберіндегі № ИРН АР 19677795 «Лингвистикалық экология Солтүстік Қазақстан (Ақмола, Қостанай, Павлодар облыстары) тұрғындарының этномәдени менталитетінің көрінісі ретінде» атты жоба аясында жазылған.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Құсайынов А. Педагогика және психология [Мәтін] – Алматы: Рауан, 2000. – 255 б.
- 2 Қасымбекова М. Кәсіби қазақ тілі [Мәтін] – Нұр-Сұлтан: ҚазАТУ, 2000. – 208 б.
- 3 Крысько В.Г. Психология и педагогика [Текст]. – Москва: ЮНИТИ-ДАНА, 2000. – 255 с.
- 4 Новик И. Системный стиль мышления. Монография [Текст] – Москва: Знание, 1986 – 55 с.
- 5 Савин Н.В. Педагогика [Мәтін] – Алматы: Мектеп, 1983. – 278 б.
- 6 Бітібаева Қ. Қазақ әдебиетін оқыту негіздері [Мәтін] – Өскемен: Интеллект, 2009. – 255 б.
- 7 Temirgazina, Z., Akosheva, M., Yrysgul, S., Shaharman, A., Kurmanova, Z., Kairova, M. Metaphors in Anatomical Terminology. Space and Culture, India, 2019, 7(1), pp. 143–153. <https://doi.org/10.20896/saci.v7i1.528>
- 8 Арын Е. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика [Мәтін] - Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2006 - 482 бет
- 9 Мейірманқұлова Т. Жаңа технологияны енгізу [Мәтін] // Ұлағат. – 2006. – № 5 (78). – 12–17 б.
- 10 Әбдіқалық К., Ермахан А. Оқу әдістемесі өзімізде жасалған [Мәтін] // Қазақ әдебиеті. – 2021 – 37–42 б.
- 11 Temirgazina Z., Nikolaenko S., Akosheva M., Luczyk M., Khamitov G. "Naive anatomy" in the Kazakh language world picture in comparison with English and Russian. XLinguae, 2020, 13(2), pp. 3–16. DOI: 10.18355/XL.2020.13.02.01 http://xlinguae.eu/files/XLinguae2_2020_1.pdf
- 12 Абаев, Д. «Қазақ әдебиеті» оқулығының кемшілігі. Электронды ресурс: <https://egemen.kz/>.
- 13 Қоңыратбаев Ә. Әдебиетті оқыту методикасының очерктері [Мәтін] – Алматы: Мектеп, 1970. – 242 б.
- 14 Жұмажанова Т. Әдебиетті оқыту әдістемесі [Мәтін] – Алматы: Білім, 2009. – 288 б.
- 15 Аманбаева А., Шаймерденова Ж. Оқулық тілінің танымдық негізі: психолингвистикалық талдау (Жаратылыстану пәндері негізінде) [Мәтін] // Яссауи университетінің хабаршысы. – 2022. – № 4 (126). – 92–101 б. <https://doi.org/10.47526/2022-4/2664-0686.08>

Материал 01.10.2025 баспаға түсті

Основы формирования языковой компетенции

А.Ш. Тлеулесова¹, Б.З. Ахметова¹, М.Т. Абикенов¹, Б.С. Шукуманова¹

¹Казахский агротехнический исследовательский университет им. С. Сейфуллина, Астана, 010000, Республика Казахстан

В данной статье на основе теоретических обоснований современного казахского языка проводится всесторонний анализ значимости языка в процессе формирования языковой компетенции в рамках родного языка. В частности, подчеркивается значение языка как средства обмена мнениями, анализа и общения в человеческом обществе, а также его особая роль в профессиональной сфере как эффективного инструмента коммуникации. Отмечается, что языковое общение рассматривается не только как средство передачи информации, но и как ключевой фактор повышения профессиональной квалификации личности. В соответствии с требованиями времени исследователи анализируют теоретические аспекты языковой компетенции, рассматривая дискурсивное обучение как методологическую основу для развития языковой компетенции при обучении казахскому языку. Основное внимание уделяется методам обучения, направленным на выявление особенностей, проявляющихся через индивидуальные способности учащихся. Понятие дискурса анализируется как один из видов институционального дискурса в профессиональной сфере. Кроме того, систематически изучаются эффективные методы и подходы к формированию профессиональной языковой компетенции. Основной целью дискурсивного обучения ставится дальнейшее всестороннее развитие базовых компетенций учащихся. Соответственно, на основе изученного теоретического материала ставятся задачи, направленные на определение информационного содержания дискурса, его глубокое понимание и освоение профессиональных методов и технологий работы с текстовыми материалами. Особенности и методологические аспекты дискурсивного обучения определяются как самостоятельный объект анализа.

Ключевые слова: языковая теория, родной язык, языковая среда, языковая компетенция, развитие, дискурсивный анализ, возможности, определение, методология, разнообразные подходы, языковые закономерности, анализ, экспертиза и др.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Құсайынов А. Педагогика және психология [Мәтін] – Алматы: Рауан, 2000. – 255 б.
- 2 Қасымбекова М. Кәсіби қазақ тілі [Мәтін] – Нұр-Сұлтан: ҚазАТУ, 2000. – 208 б.
- 3 Крысько В.Г. Психология и педагогика [Текст]. – Москва: ЮНИТИ-ДАНА, 2000. – 255 с.
- 4 Новик, И. Системный стиль мышления. Монография [Текст] – Москва: Знание, 1986 – 55 с.
- 5 Савин Н.В. Педагогика [Мәтін] – Алматы: Мектеп, 1983. – 278 б.
- 6 Бітібаева Қ. Қазақ әдебиетін оқыту негіздері [Мәтін] – Өскемен: Интеллект, 2009. – 255 б.
- 7 Temirgazina Z., Akosheva M., Yrysgul S., Shaharman A., Kurmanova Z., Kairova M. Metaphors in Anatomical Terminology. Space and Culture, India, 2019, 7(1), pp. 143–153. <https://doi.org/10.20896/saci.v7i1.528>
- 8 Арын Е. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика [Мәтін] - Павлодар: «ЭКО»ҒӨФ, 2006-482 бет
- 9 Мейірманқұлова, Т. Жаңа технологияны енгізу [Мәтін] // Ұлағат. – 2006. – № 5 (78). – 12–17 б.
- 10 Әбдіқалық К., Ермахан А. Оқу әдістемесі өзімізде жасалған [Мәтін] // Қазақ әдебиеті. – 2021 – 37–42 б.
- 11 Temirgazina Z., Nikolaenko S., Akosheva M., Luczyk, M., Khamitov, G. "Naive anatomy" in the Kazakh language world picture in comparison with English and Russian. XLinguae, 2020, 13(2), pp. 3–16. DOI: 10.18355/XL.2020.13.02.01 http://xlinguae.eu/files/XLinguae2_2020_1.pdf
- 12 Абаев, Д. «Қазақ әдебиеті» оқулығының кемшілігі. Электронды ресурс: <https://egemen.kz/>.
- 13 Қоңыратбаев, Ә. Әдебиетті оқыту методикасының очерктері [Мәтін] – Алматы: Мектеп, 1970. – 242 б.
- 14 Жұмажанова Т. Әдебиетті оқыту әдістемесі [Мәтін] – Алматы: Білім, 2009. – 288 б.

15 Аманбаева А., Шаймерденова Ж. Оқулық тілінің танымдық негізі: психолінгвистикалық талдау (Жаратылыстану пәндері негізінде) [Мәтін] // Яссауи университетінің хабаршысы. – 2022. – № 4 (126). – 92–101 б. <https://doi.org/10.47526/2022-4/2664-0686.08>

Материал поступил в редакцию журнала 01.10.2025

Fundamentals of language competence formation

A. Tleulesova¹, B. Akhmetova¹, M. Abikenov¹, B. Shukumanova¹

¹S. Seifullin University, Astana, 010000, Republic of Kazakhstan

This article provides a comprehensive analysis of the role of language in teaching the Kazakh language, grounded in the theoretical foundations of contemporary Kazakh linguistics. It highlights language as a tool for communication, the exchange of ideas, and analytical thinking, emphasizing its critical function in professional contexts. The study underscores the dual role of linguistic interaction, which serves both as a medium for information exchange and as a factor in enhancing professional qualifications.

In response to modern educational challenges, the article examines linguistic competence theoretically, focusing on discursive teaching methods as a methodological basis for structured language instruction aimed at developing this competence. Teaching strategies are emphasized that identify and address learners' unique abilities, while the concept of discourse is explored as a form of institutional discourse within professional fields.

Furthermore, the article systematically investigates effective approaches and methods for developing professional linguistic competence. The primary objective of discursive teaching is identified as the holistic development of learners' foundational competencies. Accordingly, instructional tasks are designed to determine the informational content of discourse, enhance comprehension, and facilitate mastery of professional methods and technologies for working with textual materials.

Finally, the study presents the distinctive features and methodological aspects of discursive teaching as a separate focus of analysis, highlighting its significance for the development of learners' professional linguistic competence.

Key words: linguistic theory, mother tongue, language scope, linguistic competence, development, discursive analysis, potential, determination, methodology, various directions, language principles, differentiation, analysis, etc.

REFERENCES

- 1 Kusaiynov, A. Pedagogy and Psychology [Text] – Almaty: Rauan, 2000. – 255 p.
- 2 Kasymbekova, M. Professional Kazakh Language [Text] – Nur-Sultan: KazATU, 2000. – 208 p.
- 3 Krysko, V.G. Psychology and Pedagogy [Text]. Moscow: UNITY-DANA, 2000. 255 p.
- 4 Novik, I. Systematic Thinking Style: Monograph [Text]. Moscow: Znanie, 1986. 55 p.
- 5 Savin, N.V. Pedagogy [Text] – Almaty: Mektep, 1983. – 278 p.
- 6 Bitibayeva, Q. Basics of Teaching Kazakh Literature [Text] – Oskemen: Intellect, 2009. – 255 p.
- 7 Temirgazina, Z., Akosheva, M., Yrysgul, S., Shaharman, A., Kurmanova, Z., Kairova, M. Metaphors in Anatomical Terminology. Space and Culture, India, 2019, 7(1), pp. 143–153. <https://doi.org/10.20896/saci.v7i1.528>
- 8 Aryn E. Russian-Kazakh Explanatory Dictionary: Pedagogy [Text] - Pavlodar: "EKO" Publishing House, 2006 - 482 pages
- 9 Meirmanqulova, T. Implementation of New Technology [Text] // Ulagat. – 2006. – №5 (78). – 12–17 p.
- 10 Abdiqualyk, K., Ermakhan, A. Teaching Methods Developed Locally [Text] // Kazakh Literature. – 2021. – 37–42 p.

- 11 Temirgazina, Z., Nikolaenko, S., Akosheva, M., Luczyk, M., Khamitov, G. "Naive anatomy" in the Kazakh language world picture in comparison with English and Russian. *XLinguae*, 2020,13(2), pp.3-16. DOI: 10.18355/XL.2020.13.02.01 http://xlinguae.eu/files/XLinguae2_2020_1.pdf
- 12 Abaev, D. Drawbacks of the Kazakh Literature Textbook [Electronic Resource]: <https://egemen.kz/>.
- 13 Qonyratbayev, A. Essays on Literature Teaching Methods [Text] – Almaty: Mektep, 1970. – 242 p.
- 14 Zhumazhanova, T. Literature Teaching Methods [Text] – Almaty: Bilim, 2009. – 288 p.
- 15 Amanbayeva, A., Shaimerdenova, Zh. Cognitive Basis of Textbook Language: Psycholinguistic Analysis (Based on Natural Science Subjects) [Text] // *Bulletin of Yasawi University*. – 2022. – №4 (126). – 92–101 p. <https://doi.org/10.47526/2022-4/2664-0686.08>.

Received: 01.10.2025